

Медетов Елеусіз

1924 жылы 22 сәуірде Қостанай облысы Батпаққара ауданы Сартал ауылдық кеңесі, Кенжетай қыстауы, Қабырға өзені жағасында дүниеге келген. Ашаршылық жылдары ата-анасы, бауырларымен бірге Қызылорда жеріне барып тұрақтаған. Сол жерден 10 сынып оқып жүргенде соғыс басталады. 1942 жылы қыркүйекте әскер қатарына шақырылады. 1943 жылы шілдеде Моршанск қаласындағы кіші офицерлер даярлау курсы бітірген соң Оңтүстік, II Украин майданы әскерлерінің құрамында пулемет-миномет взводының командирі дәрежесінде соғысады. 1943 жылдың қарашасында сол жақ аяғынан екінші рет ауыр жараланып, 1944 жылы елге қайтады. Алғашқы кезде мектепте әскери даярлық пәнінің жетекшісі қызметімен қатар колхозда есепшілік жұмысты атқарады. Кейін Мақта-Арал ауданының 1 Май колхозында бас есепші болады. Сол күннен бастап 1991 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін 46 жыл бойы колхоздарда, РТС, сельхозтехника, жылжымалы механикаландырылған құрылыс колоннасында бас есепші, бас экономист қызметтерінде болған. 1968 жылы өзінің туған жері Аманкелді ауданына көшіп келген. Еліне, Отанына еткен еңбектері жоғары бағаланып, «Қызыл Жұлдыз» орденімен, I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков атындағы медальмен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 2001 жылы 12 шілдеде ауыр науқастан қайтыс болды.





